

17.06.2019

**«Қазақ жырының Құлагері»
ақын, жазушы Ілияс Жансүгіровтың туғанына 125 жыл.**



Арқалық қаласындағы Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханамыздың Абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен 17 маусым күні ақын, драматург, прозашы, өзінің қайталанбас үлкен өнерпаздық дарыны және қоғамдық қызметімен уақыт, заман артқан ауыр жүкті арқаласып өткен қазақ кеңес әдебиетінің ұлы көшін бастаушылардың бірі болған Ілияс Жансүгіровтың туғанына 125 жыл толуына орай көрме – вернисаж қойылып, шолу жасалынды.

Ілияс Жансүгіров – қазақ кеңес әдебиетінің заңғар тұлғаларының бірі. Ол поэзия, проза, әдебиеттану, драматургия саласында өнімді де табысты еңбек етті. Ұлы Қазан төңкерісінен кейін білім алып, таланты түлеп, тәжірибесі орныққан асқақ ақын қазақ поэзиясының құнарын жүрегіне сіңіріп, Абай өнерін терең меңгеруінің нәтижесінде поэзия Құлагеріне айналып, оның алтын

қазынасын өз өрнегімен байытты.

Мақсаты: Ең басты мақсат Ілияс Жансүгіровтің өлеңдерін мәнерлеп оқып, мазмұнын жете түсініп, көркем әдеби сөйлеуге үйрету, ынтымақтастық, ұйымшылдық қабілеттерін дамыту, оқырмандарды шығармашылық қабілетін дамыта отырып, халқын, жерін, Отанын сүюге, білуге адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрме – вернисажға «Қазақтың 100 романы» сериясына енген көптеген кітаптары, яғни көп томдық шығармалар жинағы, құжаттар, хаттар, пьесалар, фельетондар, мақалалар, өлеңдер мен дастандары, «Құлагер» поэмасы мен «Күй», «Күйші» поэмалары және «Жетісу суреттері» атты өлең топтамалары мен мерзімді баспасөз материалдар жиынтығы топтастырылған. Ақынның терең идеялы, көркем мүсінді, эпикалық кең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор. Олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді,

эстетикалық ләззат беріп, гуманистік адамгершілік идеяларды толғайды!
«Қазақ жырының құлагері» атты көрме – вернисажға кітапханамыздың
тұрақты ардагер оқырмандарымыз, педогогика және эканомика
колледждерінің студенттері қатысты.